

**«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндіеу қоғамы») іргелі
жоспарының мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Атап айтқанда, бұл бағдарламада ғылымның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру және жаһандық сын-қатерлерге жауап беретін ғылыми зерттеулерді қолдау басымдық ретінде айқындалған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қалдықтарды басқару салаларындағы стратегиялық құжаттарымен және бағдарламаларымен тығыз байланысты.</p> <p>Атап айтқанда, диссертациялық жұмыс келесі құжаттар мен бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР «Жасыл экономикаға көшу» тұжырымдамасы (ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы): қалдықтарды басқару, энергия тиімділігі және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету салаларындағы стратегиялық бағыттарды айқындейды; 2. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 731 қаулысы): қоршаған органды қорғау, қалдықтарды басқару және жасыл технологияларды енгізу шараларына бағытталған; 3. ҚР көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы (ҚР Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығы): парниктік газдар

		<p>шығарындыларын біртіндеп қысқартуды және 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына көшу стратегиясын белгілейді;</p> <p>4. ҚР мен БҰҰ-ның 2021-2025 жылдарға арналған тұрақты даму саласындағы ынтымақтастықтың негізdemелік бағдарламасы: экологиялық тұрақтылық, экономикалық өсу және әлеуметтік теңдік мәселелері қарастырылған.</p> <p>Сонымен қатар, диссертациялық зерттеуде маңызды халықаралық күжаттар, соның ішінде 2015 жылы қабылданған БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (атап айтқанда 12-мақсат – Жауапты тұтыну және өндіріс) және Жапонияның қалдықтарды басқару саласындағы заңнамалық тәжірибесі жан-жақты талданған. Бұл зерттеу тақырыбының ғылыми және тәжірибелік тұрғыда жоғары өзектілігін, сондай-ақ оны ұлттық және халықаралық тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетінін дәлелдейді.</p>
.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Жапонияның «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспарын алғаш рет кешенді түрде зерттеп, оның институционалдық, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тетіктерін ғылыми негізде талдау және Қазақстанда қолдану мүмкіндіктерін зерделеу арқылы ғылымға елеулі үлес қосады. Зерттеуде Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару жүйелеріне салыстырмалы талдау жүргізіліп, отандық жағдайға бейімдеуге болатын ұсыныстар беріледі.</p> <p>Жұмыстың ғылыми маңыздылығы жеткілікті деңгейде ашылған. Зерттеу барысында «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының құрылымдық элементтері нақты анықталып, оның тиімділігі әлеуметтік, экономикалық және экологиялық өлшемдер негізінде бағаланған. Жапон тәжірибесін Қазақстан жағдайында бейімдеу мүмкіндіктері сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдау нәтижелері арқылы дәлелденіп, экологиялық саясатты жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірленген. Жұмыс</p>

			нәтижелері теориялық та, қолданбалы тұрғыдан да өзектілігімен ерекшеленіп, отандық ғылымда тың зерттеу бағытын қалыптастырады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан жүйелі жазылған, мазмұны логикалық тұрғыда бірізді. Зерттеу барысында қолданылған теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық деректер терең талданып, автор тарапынан ғылыми қорытындылар жасалған. Материалдардың рәсімделуі мен дереккөздерді қолдану академиялық талаптарға сай орындалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген;</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеудің өзектілігі дәлелденген. Диссертациялық жұмыста тұрақты даму мәселесі қазіргі кездегі жаһандық әлеуметтік, экономикалық және экологиялық сын-қатерлер контексінде қарастырылып, ғылыми негізде ашылған. Диссидент зерттеу тақырыбының өзектілігін Жапонияның табиғи ресурстарының тапшылығы мен жоғары халық тығыздығы жағдайында қалдықтарды тиімді басқару тәжірибесімен байланыстырған. «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспарының тәжірибесін Қазақстан үшін бұл зерттеудің өзектілігі елімізде қарқынды индустриялық даму мен урбанизация үдерістеріне байланысты туындаған экологиялық мәселелер аясында сенімді түрде негізделген. Осылайша, зерттеу жұмысының өзектілігі теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық маңызы жағынан да толық дәлелденген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны тақырыпты айқындайды. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының мазмұны, құрылымы, іске асырылу тетіктері және Қазақстан жағдайында бейімдеу жолдары қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u>	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған міндеттер жүйелі түрде орындалған

		<p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	және олардың әрқайсысы зерттеу тақырыбының мазмұнын ашуға бағытталған.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	Диссертация құрылымындағы барлық бөлімдер мен ережелер өзара логикалық түрғыда толық байланысқан. Жұмыс мазмұны кіріспеден бастап қорытындыға дейін мақсат пен міндеттерге сәйкес жүйелі түрде баяндалған. Диссертация мәтіні ішкі бірлікке ие.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	Диссертант ұсынған жаңа шешімдер ғылыми негізде дәлелденіп, бұған дейін белгілі халықаралық және отандық тәжірибелермен салыстырмалы түрде бағаланған. Диссертацияда жүргізілген сини талдау ғылыми негізділігімен және деректердің нақтылығымен ерекшеленеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа сипатқа ие. Автор отандық ғылымда алғаш рет Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарын кешенді талдап, оны Қазақстан жағдайында бейімдеудің жолдарын ұсынған.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарын зерттеу нәтижесінде алынған әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақтылық тұжырымдары мен Қазақстанда бейімдеу мүмкіндіктеріне қатысты ұсынымдар толығымен жаңа болыш табылады.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	Зерттеуде ұсынылған басқарушылық және экономикалық шешімдердің көпшілігі жаңа әрі ғылыми түрғыда негізделген. Дегенмен, кейбір шешімдер халықаралық тәжірибелерді бейімдеу арқылы ұсынылғандықтан, ішінара жаңа ретінде бағаланады.

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертацияда ұсынылған қорытындылар теориялық талдауларға, халықаралық және ұлттық деңгейдегі стратегиялық құжаттарға, нормативтік-құқықтық базаларға, сараптамалық сұхбат нәтижелеріне және SWOT-талдау әдісі арқылы алынған эмпирикалық деректерге сүйенген. Зерттеудің әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты қамтылуы қорытындылардың сенімділігі мен негізділігін толық қамтамасыз етеді.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ;</u></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші ереже дәлелденді. Теориялық талдаулар мен халықаралық құжаттарға сүйенген ғылыми негіздеме берілген.</p> <p>Екінші ереже дәлелденді. Тарихи және институционалдық талдаулар арқылы толық әрі сенімді дәлелдемелер ұсынылған.</p> <p>Үшінші ереже дәлелденді. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының құжаттары мен тәжірибелік нәтижелері негізінде нақты дәлелдер келтірілген.</p> <p>Төртінші ереже дәлелденді. Өлеуметтік, экономикалық және экологиялық деректер мысалдармен негізделіп дәлелденген.</p> <p>Бесінші ереже дәлелденді. Сараптамалық сұхбаттар мен салыстырмалы талдау арқылы дәлелдемелер толық әрі айқын ұсынылған.</p> <p>Алтыншы ереже дәлелденді. SWOT-талдау нәтижелеріне сүйеніп, ұсынымдар әзірленген.</p> <p>Бірінші ереже тривиалды емес. Ұғымдардың өзара байланысы (тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқару) кешенді әрі жаңа тұрғыда қарастырылған.</p> <p>Екінші ереже тривиалды емес. Жапония тәжірибесінің жүйелі институционалдық талдануы жаңа көзқарас ұсынады.</p> <p>Үшінші ереже тривиалды емес. Жоспардың тұрақты даму стратегиясы ретіндегі жүйелі рөлін анықтау терең әрі мазмұнды қарастырылған.</p>

		<p>Төртінші ереже тривиалды емес. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жетістіктерді біріктіре талдау тәсілі жаңа сипатта орындалған.</p> <p>Бесінші ереже тривиалды емес. Қазақстан мен Жапонияның тәжірибелерін салыстырмалы түрде зерделеу терең әрі тың тәсілде берілген.</p> <p>Алтыншы ереже тривиалды емес. SWOT-талдау негізінде Жапония тәжірибесін Қазақстан жағдайына бейімдеу бойынша нақты әрі практикалық ұсыныстар әзірленген.</p>
7.3 Жаңа ма?	<p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші ереже жаңа. Бұл ұғымдар жеке-жеке белгілі, бірақ олардың өзара байланысты кешенді талдануы жаңа бағыт ұсынады.</p> <p>Екінші ереже жаңа. Жапонияның «Junkangata Shyakai» жоспарын ғылыми түрғыда зерттеу және оның тәжірибесін Қазақстанмен салыстыру аспектісі жаңа сипатқа ие.</p> <p>Үшінші ереже жаңа. «Junkangata Shyakai» жоспарын Қазақстан ғылыминда жүйелі әрі кешенді түрде қарастыру алғаш рет жүзеге асырылған.</p> <p>Төртінші ереже жаңа. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық жетістіктерді біртұтас кешенді бағалау тәсілі тың бағытты ұсынады.</p> <p>Бесінші ереже жаңа. Қазақстан мен Жапония жүйелерінің институционалдық салыстырмалы талдануы жаңа ғылыми тәсіл болып табылады.</p> <p>Алтыншы ереже жаңа. SWOT-талдау нәтижелері негізінде жасалған бейімдеу ұсыныстары Қазақстан үшін тың және нақты әзірленген.</p>
7.4 Қолдану деңгейі:	<p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші ереже кең деңгейде қолданылады. Тұрақты даму, экологиялық саясат, айналмалы экономика және ресурстарды тиімді пайдалану салаларында кеңінен қолданылады.</p> <p>Екінші ереже кең деңгейде қолданылады және тәжірибелік қолданбалы мәнге ие.</p>

		<p>Үшінші ереже кең деңгейде қолданылады. Бұл жоспардың құрылымы экологиялық саясат пен мемлекеттік басқарудың кең салаларында бейімделуі мүмкін.</p> <p>Төртінші ереже кең деңгейде қолданылады. Элеуметтік, экономикалық және экологиялық басқару салаларында кешенді қолдануға жарамды.</p> <p>Бесінші ереже кең қолданылады. Негізінен мемлекеттік басқару, экологиялық реттеу салаларында және екі елдің салыстырмалы зерттеулерінде қолданылады.</p> <p>Алтыншы ереже кең деңгейде қолданылады. Заңнамалық реформалар, инфрақұрылымдық жобалар, қоғамдық экологиялық сана қалыптастыру сияқты әртүрлі бағыттарда кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.</p>
	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Ережелер мақалаларда дәлелденген. Диссертанттың негізгі ғылыми тұжырымдары жарияланған мақалаларда жан-жақты қарастырылып, ғылыми түрғыда негізделіп, апробациядан өткен. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен қорытындылары халықаралық (Scopus дерекқорында) және отандық ғылыми журналдарда жарық көрген мақалаларда толық көрсетілген.</p> <p>1. Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. Sustainable Waste Management in Japan: Challenges, Achievements, and Future Prospects: A Review // Sustainability. – 2024. – Vol. 16. – № 17. – Art. 7347. https://doi.org/10.3390/su16177347.</p> <p>2. Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. The concept of circular economy in relation to sustainable development goals // Bulletin of Turan University. – 2022. – № 3. – Р. 161-174. https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-161-174.</p> <p>3. Moshkal M., Akhapov Y., Ogihara A. An overview of sustainable development initiatives in Japan // Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «International Relations and Regional Studies». – 2023. – Vol. 53, No. 3. https://doi.org/10.48371/ISMO.2023.53.3.008.</p>

			<p>4. Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. Sustainable development in Japan: environmental awareness and attitudes towards waste // Bulletin Orientalism. – 2023. – № 4 (107). – P. 4–13. https://doi.org/10.26577/JOS.2023.v107.i4.01.</p> <p>5. Moshkal M.A., Akhapov Y.A., Ogihara A. Japanese experience in sustainable waste management // Kazakhstan Oriental Studies. – 2024. – № 4 (12). https://doi.org/10.63051/kos.2024.4.124.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық әдістерден теориялық талдау және синтез, контент-талдау, жүйелік талдау, құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы талдау пайдаланылды. Эмпирикалық әдістерден сараптамалық сұхбат пен SWOT-талдау қолданылды. Осы әдістер кешені таңдалған әдіснаманың негізділігін және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігін толық қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында контент-талдау, құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы талдау, сараптамалық сұхбат және SWOT-талдау сияқты заманауи әдістер пайдаланылған. Алынған деректердің өнделуі мен интерпретациялануы ғылыми талаптарға толық сайрындалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;	Диссертациялық жұмыста жасалған теориялық қорытындылар мен анықталған өзара байланыстар эмпириялық деректер негізінде дәлелденген және ғылыми тұрғыда расталған. Сараптамалық сұхбаттар мен SWOT-талдау нәтижелері зерттеудің теориялық моделін нақтылауға және институционалдық тетіктер мен құқықтық өзара байланыстарды тәжірибелік негізде сипаттауға мүмкіндік берген. Осылайша, жұмыстың негізгі ғылыми тұжырымдары заманауи сапалық зерттеу әдістері арқылы дәйекті түрде дәлелденіп, расталған.

		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген барлық маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты әрі сенімді дереккөздерге сүйене отырып расталған. Диссидент шетелдік, жапондық және отандық ғылыми еңбектерге, халықаралық құқықтық құжаттарға, салалық стратегиялар мен ресми статистикалық мәліметтерге жүйелі түрде сілтеме жасап, тұжырымдарының ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты кешенді талдауга жеткілікті. Зерттеуде халықаралық құжаттар мен стратегиялық бағдарламалар, Жапония мен Қазақстанның нормативтік-құқықтық құжаттары, ресми статистикалық мәліметтер мен есептер, сондай-ақ шетелдік, жапондық және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектері кеңінен қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар;	Зерттеу барысында тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқару мәселелері теориялық түрғыдан жүйеленіп, Жапония тәжірибесі негізінде олардың өзара байланыстары мен институционалдық негіздері ғылыми түрде талданған. Бұл – отандық ғылым үшін маңызды теориялық үлес.
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған нәтижелер мен ұсынымдар Қазақстандағы экологиялық саясатты жетілдіру, қалдықтарды басқару жүйесін дамыту және институционалдық механизмдерді бейімдеу барысында нақты қолдануға болатын практикалық мәнге ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстардың бірқатары Жапония тәжірибесін бейімдеу негізінде ұсынылғанымен, оларды Қазақстан жағдайына икемдеп ұсыну ғылыми жаңашылдық элементтерін қамтиды. Осылайша, ұсыныстар ішінara жаңалық сипатына ие.
		Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмыс академиялық талаптарға сәйкес жазылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы		

		<p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Жұмыс құрылымы жүйелі және қысынды. Дегенмен кейбір тараушалар арасындағы жүктемені теңдестіру арқылы құрылымдық тепе-теңдікке қол жеткізуге болады. Бұл тек техникалық сипаттағы ескерту болып табылады және жұмыстың мазмұндық маңыздылығына әсер етпейді.</p> <p>Сонымен қатар, диссиденттік салыстырмалы әдісті орынды әрі дәйекті түрде қолданған. Алдағы зерттеулерде ұқсас әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі елдермен (мысалы, Оңтүстік Корея, Сингапур) салыстырмалы талдау жүргізу зерттеу аясын көнекітіп, теориялық мазмұнын терендете түсүі мүмкін. Бұл тек ұсыныс сипатында беріліп отыр және диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызын еш төмендетпейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның негізгі тұжырымдарын жан-жақты ашады. Бір мақала Scopus дерекқорындағы жоғары импакт-факторлы (Q1) журналда жарияланған, бұл жұмыстың халықаралық ғылыми кеңістікте мойындалғанын көрсетеді. 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетін ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көріп, зерттеу нәтижелерінің жүйелілігі мен ғылыми құндылығын дәлелдейді. Барлық жарияланымдарда зерттеудің теориялық негіздері, әдістемесі және алынған нәтижелері дәйекті түрде көрініс тапқан. Сонымен бірге, 3 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған. Осыған орай, мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мошқал Мәдина Асқарбекқызының «Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өндеу қоғамы») іргелі</p>

жоспарының мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан қойылатын талаптарға сай келеді және қорғауға ұсынылады.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
 - 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
 - 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің г.ғ.д., профессор



К.Д. Каймулдинова